

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, IV

Дарвинистік әдеби сын





Тірек сөздер: дарвинистік сын, эволюциялық психология, интеллект.

Джулия Ривкин мен Майкл Райанның «Әдебиет теориясы» антологиясының мазмұнымен таныстыруды одан әрі жалғастырамыз. Антологияның кезекті бөлімінде кітап авторлары дарвинистік әдеби сын, оның мәні, тәсілдері мен мүмкіндіктеріне тоқталады. Әрі осы тақырыпты әдебиет теориясын зерттеуші Джозеф Кэрролдың «Адам табиғаты және оның әдеби мәні» туралы мақаласының негізінде қарастырады.

Соңғы кезде эволюциялық психологияға негізделген идеялар мен тұжырымдар мейлінше АҚШ-та, сонымен қатар, Канада мен Австралияда кеңінен өріс алып, таралып кетті. Бізде және бұрынғы посткеңестік аймақта бұл тек ішінара зерттеушілердің еншісіндегі дүние. Өнердің болмысын айқындаудағы озық тәсіл деуге де келмейді. Әрине, дарвинизм жаратылыстану ғылымдары контекстінде өзектілігін жойған емес. Ал сөз өнері контекстіндегі бұл теориясының салмағы мысқалдай ғана. Себебі өнердің табиғатына қатысты категориялар аппараты әу бастан мәлім. Ал өнердің сынын қандай да бір идеялар мен тұжырымдарға негізделген ағымдардың төңірегінде ғана қарастыру – сынға жатпайды. Дегенмен, кітап авторлары осы антология арқылы соңғы кезде АҚШ-та етек жайған ізденістерді көрсетуді мақсат етіп, солардың санатында әдеби сынға кейбір ұстанымдарға назар аударуды жөн деп тапқан.

Антологияға алынған Джозеф Кэрролдың бұл зерттеуі осы үрдістің негізгі себептерін, дарвинистік әдеби сынның міндеттері мен оның даму бағыты және әдеби туындыларды мағыналық тұрғыдан талдауға арналған.

Д. Кэррол дарвинистік психологияның сыртқы күйімен және болашағымен танысып көруді ұсынады. Ол жаңа парадигманың шегараларын адам табиғатымен байланысты белгілеп, «когнитивті іс-әрекет жүйелері» деген терминді қолданысқа ендіреді. Бұрыннан таныс емес бұл термин жаңа парадигманы психологияда ғана емес, әдеби зерттеулерде де қалыптастыруға септігін тигізеді деп есептейді Д. Кэррол. Көптеген эволюциялық психологтар әдебиетке және өнердің басқа да түрлеріне соншалықты көңіл аудара қоймағанын айтады автор. Ал кейбір зерттеушілер, өнерде адам өмірінің мақсаттарына ортақ бейімделу әрекеттері болмайды деп есептейді. Жаңа парадигманың дарвинистік психологиядағы логикасын айта отырып, Д. Кэррол әдебиет пен өнердің басқа түрлері бейімділік қызметіне ие болып келетінін жазады. Дарвинистік әдеби сыншылар үшін жаңа парадигманы құруға талпыныс пен дарвинистік психологияның өкілдеріне арналған парадигма арасында өзара байланыс бар. Д. Кэррол бұл байланыс әбден шегіне жеткенін айтады.

Әдеби сынның дарвинистік формасының басты мәселесі – адам табиғатын ұйымдастыру мен әдеби мағына аспектілері арасындағы байланыс болып саналады. Кез келген әдеби туынды жанры мен жазылған кезеңіне қарамастан, иллюстративті мақсатты көздейді. Дарвинист-әдебиетшілер фольклорға, миф, пьесалар, өлеңдер, романдар, фантастика, ғылыми фантастика, опера, балеттер мен фильмдерге талдау жасаған. Олар интерпретациялық зерттеулер жүргізді, көптеген жазушылардың (Гомер, Шекспир, Свифт, Вордсворт, Пушкин, Вальтер Скотт, Шарлотта Бронте, Джордж Элиот, Ганс Христиан Андерсен, Вила Катер, Уолтер Патер, М. Замятин және доктор Сьюз) туындыларын талдады. Ешқандай автор дарвинистік талдау аясынан шығып, көркем туынды жазбаған. Автор пұтқатабынушы грек болсын, христиан болсын, мұсылман болсын немесе дзэн-буддист болсын, дарвинистік талдау аясынан алыстамаған. Жазушы бразилиялық тайпадан шығуы немесе Еуропадан шыққан ханым болуы мүмкін, ортағасырлық жапон қолбасшы немесе тибеттік монах болуы мүмкін. Егер дарвинизм адам санасы туралы нақты жауап бере алса, ал адам санасы әдеби мәтіндерді жарыққа шығара алса, барлық әдеби мәтіндер дарвинистік талдауға икемді болып келеді дейді Кэррол.

Д. Кэррол эволюциялық психологтар адамның когнитивті эволюциясының бұрмаланған нұсқасын ұсынуының екі себебі бар дейді. Біріншісі – олар сананы таза парақ ретінде суреттеп, контент сыртқы ықпалдардың көмегімен құрылатынын алға тартқан. Екінші себебі – олар ассоциативті дарвинистік психологтардан, әлеуметтік дарвинизмнен, евгеникадан және тұлғалық және топтық зерттеулерден қатты қорықты. Радикалды экология немесе таза парақ үлгісі ХХ ғасырдағы әлеуметтік ғылымдарда билік құрып тұрды. Адамның жалпы интеллектісінің ерекше тетіктері мен бесаспаптық қасиетін ерекше атай отырып, эволюциялық психологтар дарвинизм және әлеуметтік ғылымдар арасында үйлесімділік табуға тырысты. Олар бейімді когнитивті құрылым деген ұғымды қайтадан жандандырды.



Осы зерттеу салалары кереғарлыққа толы болды. Адамзат эволюциясына жаңаша көзқарастар қалыптасты. Осы жаңаша көзқарастар бойынша адам санасының ерекше қасиеті – жалпы интеллектісінің икемделе бастауы, адамдарға қоршаған ортаға сай бейімделуге мүмкіндіктің пайда болуы еді.

Жалпы бақылауға сәйкес қарапайым жайт – барлық адамдарда жаңа әрі әртүрлі орталарға бейімделудің экстраординарлы қабілеті дамыды. Адамдар жердің кез келген бетінде – полярлы аймақтардан шөл далалар мен тропикалық ормандарға дейін өмір сүруге бейімделді. Олар кез келген қоғамда топ, тайпа, орда, мемлекет, империя, жаңа әлемдік тәртіп құрып өмір сүре алды. Адам табиғатының ерекше қасиетінің бірі – интеллектінің ортақталуы. Міне, осы интеллект адамды адамнан, топты топтан ажыратуға негіз болды.

Жалпы базалық интеллектінің когнитивті механизмдері туралы идея біртіндеп өше бастады. Идея ассимиляцияланып, адам танымында интеграциялана түсті. Когнитивті механизмдердің өзіндік орны мен қызметі болады: олар қоршаған ортаның сипаттамасына бақылау жасап отыратын когнитивті әрекеттерді білдіреді. Кеңістіктік-физикалық әлемді бақылай алатын адамның жанары осыған айқын мысал бола алады; адамның әлеуметтік және физикалық ортасын білдіретін тілдік қабілет – тағы бір мысал бола алады. Бірақ бұл қабілеттер – адамның когнитивті репертуарының бір ғана бөлігі. Адамның қабілетінің басқа бір бөлігі – жалпы интеллект, ал жалпы интеллект адамдардың бейімділік қажеттіліктерін белгілейді. Жаңаша көзқарас ескі үлгілерге қайта оралмайды. Ол адамның инклюзивті жарамдылығынан келіп туындайтын когнитивті диспозициялар мен адами уәждемелерді сәйкестендіреді. Адами уәждемелер мен когнитивті диспозициялар тіл мен ақыл-ой қабілеттерді дамытты. Сонымен қатар, адамдар эстетикалық және бейнелі артефактілер дайындауға үйренді. Осы қабілеттерімізді естен шығармасақ, ескі замандарға қайта оралуға мәжбүр болмасымыз анық.

Осы ретте, когнитивті іс-әрекет жүйесі ақылдың белгілі бір ұғымдарды қалыптастырып, діни, философиялық және идеологиялық көзқарастарының дамуына, ғылыми білімі мен эстетикалық және бейнелілік артефакттарды дамытуға септігін тигізеді.

Интеллект құрылымының жалпы бірліктері – барлық адамдарға тән, бейімділік қызметіне ие болады; ол өзгеріп отыратын ортаға икемділікті білдіреді. Өнер мен мәдени артефакттар, айталық, дін, идеология осы талаптарға жауап береді. Олар да бейімделу қызметтерін атқарады. Өнер эмоционалды айқын бейнелер мен эстетикалық құрылымдарды қамтамасыз етіп, когнитивті тәртіпті орнықтырып, басқа да іс-әрекеттер жүйесін реттеп отыруға көмектеседі. Өнер адамның қажеттіліктері мен уәждемелерін түсінуге септігін тигізеді. Адамдар белгілі бір тәртіпті қалыптастыруға мәжбүр, әрі осы қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін әртүрлі тәсілдерді қолдана алады.

Әдеби туындылар – адамның қоршаған ортадағы іс-әрекеттерін бейнелейтін құндылық. Мұндай көріністер адам табиғатының негізін қалайтын уәждеме болып саналса, адам табиғаты – түсініктердің негізгі нысаны болып табылады. Туындының «мәні» оқиғалардан көрінбейді. Ол – оқиғалардың интерпретациясы. Интерпретация қашан да «көзқарастарға» тәуелді болып келеді.

Кез келген әдеби әңгімелердегі «көзқарас» – формалды әдеби құралдардың каталогындағы техникалық ерекшеліктің бірі. Кең мағынасында, көзқарас дегеніміз – сана немесе тәжірибенің локусын белгілейтін термин. Басқаша айтқанда, көзқарас – әлеуметтік өзара қарым-қатынастардағы негізгі компоненттерді белгілеу үшін қолданылатын термин. Әлеуметтік өзара қарым-қатынаста әдебиеттің үш компоненті болады: автор, кейіпкерлер мен оқырман. Барлық әдеби туындылар үшін мағынаның бастапқы локусы – автордың ақылы болып табылады. Саналы түрде болсын, санасыз түрде болсын, автор өзінің жұмысына белгілі бір мән үстейді, бірақ автор кейіпкерлердің ішкі көзқарастары мен аудиторияның көзқарастары арасындағы келіссөздер жүргізеді. Авторлар – адамдармен адамдар туралы сөйлесетін адамдар.

Әдеби түсініктердің әлеуметтік өзара қарым-қатынасында үш компонент болады. Олардың ең бастысы – автордың көзқарасы, кейіпкердің көзқарасы және аудиторияның көзқарасы арасындағы қарым-қатынастарды бағалау. Әдеби шығарманың мәні автор, кейіпкер және аудиторияның көзқарастары арасындағы өзара байланыстан көрінеді. Бұл өзара байланысты үш компоненттің бастысы – автор басқарып, бақылап отырады.

Әдеби сынның басты мақсаты – субъект туралы ақиқат білімді алуға талпыну, мағынаның нақты конфигурациясын нақты мәтінде сәйкестендіру. Сәйкестендіру үшін сыншы үш концептуалды



үлгі немесе моделді қолдануы керек: а) адам табиғатын түсіну; б) мәдени ортаны түсіну; в) жеке тұлғалық айырмашылықтарға талдау жасау үшін категорияларды жинақтау. Осы үш шаблонды аналитикалық тұрғыдан қолдану үшін сыншы автордың адам табиғатын қалай түсінгенін бағалап, автордың мәдени контекстке қатысын және тұлғалық сипаттамасын анықтауы керек.

Мақаладағы тұжырымдарын айқындау үшін Кэррол Джейн Остиннің «Тәкәппарлық және жалған сенім» романын талдау материалы ретінде алған. Д. Кэррол бұл романды таңдау себебі – шығарманың танымалдылығы, қысқа әрі нұсқа болуы, өмір тарихы мен оның әдеби мәнін талдау арасындағы интегралды байланысты көрсетудің керемет мысалы болуында.

«Тәкәппарлық пен жалған сенім» романы – классика деп саналады, оған баяндаудағы үнемділігі мен стиліндегі сұлулығы әсер етеді. Мінез-құлықты жүзеге асыру – әсіресе, адалдықты – әрекеттен айқын көрінеді. Ал ақыл адамның сөйлеген сөзінен, ең бастысы – не сөйлегенінен көрінеді. Остиннің стилі – икемді, өткір, жылдам әрі таза. Романның екі басты кейіпкері – Элизабет пен Дарси бір-бірін шексіз сүйеді, оған екеуінің танымдық қабілеттерінің ортақтығы ықпал етсе керек. Олар бір-бірінің өткір тілдігіне, тұжырымдау қабілетіне қызығып отырады. Дарси интроверт және интеллектуал екенін ескерсек, оның өзін жеке кездесуде ауызша жеткізгеннен гөрі жазуда жақсы таныта алады. Хат Остиннің тіліндегі нақтылық пен өткірлікті көрсетеді. Оның стилі – оқырман үшін тұрақты норма.

Стильдің маңыздылығын дәлелдейтін негізгі мысалдардың бірі – жеке тұлғалық қасиет: Коллинг мырза Беннеттің үйінде тұратындармен Беннеттің өзі хатты дауыстап оқыған кезінде танысады. Хат – жаны ашу мен өзін-өзі бағалаудың абсолютті кереметі. Отбасы мүшелерінің хатта жазылғандарға мұқият көңіл бөлуінен олардың ақыл-ой деңгейі көрінеді. Мэри – ақымақ қыз, Коллинз мырзаның стилін жақсы деп бағалайды. Тек Элизабет пен оның әкесі ғана хатты – клоундық далбаса деп қабылдайды. Автор Элизабет пен әкесінің арасындағы байланыс пен жақындықты олардың ортақ пікірінен көрсетуге тырысады.

Элизабет пен оның әкесі өткіртілділік пен тұжырымдаудың ішкі шеңберін құрастырады, осы шеңбердегі басты бейне – Остиннің өзі, романның авторы. Ол өзінің көзқарасын интеллектісінің аясы етіп көрсетеді. Өз интеллектісі аясында автор топография құрып, оған кейіпкерлері мен аудиториясын орналастырады. Бұл процестің қалай жұмыс жасайтынын білу үшін романның кіріспе бөлігін талдап көрелік: «Қаржысы жеткілікті жас жігіт өзіне жар таңдауы керектігін бәрі біледі. Бұл ұсыныстың тағдырдың тәлкегі ме, жоқ па, екенін ажыратып алу керек. Бұл мәселені мына сөйлем арқылы шешуге болады: «Жас жігіттің ниеті баршаға мәлім болғанына қарамастан, ол жаңа орынға келіп тұрақтағаннан кейін, онымен көршілес орналасқан үйлерде тұратындардың ақылына әбден сіңіп, көршілер жігітке аңшының олжасына көз салғаны секілді, тесіле қарайтын болды». Бірінші сөйлемде – ойынның ережелері жұмсақ түрде жеткізіліп тұр. Остин әлеуметтік қарым-қатынастарда маңызды рөл атқаратын негізгі элементтерді айқындап көрсетеді: еркектер қор жинап оны серігін табу үшін пайдаланса, әйелдер қоры бар серігін іздейді. Алайда екінші сөйлемде – әңгімеші мен оның сипаттап отырған жалпы көзқарасы арасындағы арақашықтықты белгілейді. «Көршілес үйлерде тұратын отбасылар» басқа адамдардың ішкі өміріне қарай әрекет етеді. Олар туған аймақтарына көшіп келген адамды – жеке мүлкі ретінде қарайды. Бұл – адамдардың басқалардың ішкі өмірін түсіне алмау қабілетін дәлелдейді. Остиннің сатиралары адамдардың бірін-бірі түсінбейтіндігін көрсетуге бағытталған.

Адамдардың ортақ пікірінде белгілі бір мағына-мәнбар. Бинглишын мәнінде, өзіне жар іздеп жүрген жоқ. Жоғарыдағы екі сөйлем арқылы Остин жас жігіт пен оның көршілерінің болашаққа деген үміті арасында белгілі бір деңгейде қысым жасап қойғандай. Өркениетті, стилистикалық айырмашылықты көре білетін кейіпкерлер – бір қауым болып бірігеді. Гардинерлер, Элизабеттің тәтесі мен көкесі осы топқа кіреді: олардың бойындағы ақсүйектік тәрбие әлеуметтік-экономикалық мәртебесінің жоғары екенін көрсетеді. Остин өзінің жеке көзқарасын былайша сипаттайды: оқырмандар жаңағы топқа кіргені дұрыс. Оқырманға осы топқа кіруіне негіз болатын критерий – Дарсидің, Коллинз мырзаның, Катрин ханымның т.б. сөйлеу стилистикасы мен хаты туралы тұжырым жасай білуі. Екі сөйлем аясында орын алған қарым-қатынастар: автор, кейіпкер және аудитория арасында өрбиді. Осы қарым-қатынастарды қалыптастыра отырып, Остин коммуникативті қарым-қатынастың аясын нақтылайды. Оқырманның назарын ұстап тұратын нәрсе – міне осы. Романдағы кейіпкерлердің әрқайсысының санасы жеке-жеке сипатта. Адами қарым-қатынастағы қарапайым құрылымдық шектеулер оқиғаға негіз бола



алады. Қарапайым шындыққа қол жеткізіп, Беннет ханым ақыл мен мінез-құлықтың басқа қырларын ескермейді. Ол басқалардың ақылын ескермей, өзінің ақыл-ойының кедей екенін дәлелдейді.

Еркектер үшін – байлық пен мәртебе, әйелдер үшін – сұлулық пен жастықтың мәні зор. Бұлар романда құндылық ретінде қолданылған. Ата-аналармен қарым-қатынас мәселесі кітапта маңызды тақырып ретінде сөз етілген деуге болады. Элизабеттің анасы – дерекі, ақымақ және жеңілтек әйел, әкесі – ешкіммен жұмысы жоқ адам. Отбасындағы жағдай қожалыққа мұрагерлік мәселесі туындамай тұрып, әкесінің сәтсіз үйленуі, соның кесірінен балаларына жақсы тәрбие бере алмауы, әйеліне адал болмауы себепті күрделеніп кеткен. Дарсидің ата-анасы, оның өз сөзімен айтқанда, керемет жандар. Коллинз мырза – ақымақ, түсінігі таяз адам, оның әйелі болса, сауатсыз және сараң әкесінен тәрбие алған жан.

Әдеби сын – аналитикалық және бағалаушы сипатқа ие.

Әдебиеттанушылар әртүрлі тұжырымдар мен белгілі бір құндылықтарды басшылыққа алып отырады. Постмодернистік теориялық сынды қайта жандандыратын құндылықтар – радикалды сипатта, саяси сыншылар авторларды репрессивті эпистемаларға (мұнда сана құндылығы) жаны аши қарағаны үшін қатты сынға алады. Концептуалды мазмұн ретінде саяси көзқарастар даналыққа қарсы. Концептуалды мазмұн Остиннің элементарлы қарапайым даналығына қарсы болса, оның саяси көзқарастары консервативті пікірге қайшы. Постмодернистік сыншылардың көпшілігі Остинді эпистемиологиялық белгісіздік пен саяси радикализм идеалымен ассимиляциялауға талпынады. Сезімтал постмодернистік сыншылар белгілі бір деңгейде сенімсіздік танытып, нәтижесі интерпретацияланған тезистер арқылы алуға болатынын айтады.

Осылайша адам болмысын адамның танымдық әрекеттерінің өсуі тұрғысынан талдаған Кэрол өз тұжырымдарын интеллектуалдық сынның бір тәсілі ретінде ұсынады. Әрине, адам табиғатын әдеби сынның аясында қарастыру аса күрделі тақырып, әрі жоғарыда тілге тиек еткеніміздей, бұл тақырыпты бір ғана ғылыми не әдеби көзқарас, әдеби мектеп тұрғысынан қарастыру шынайылықтан алыстатады. Қорыта айтанда, дарвинистік әдебиеттанушылар – дарвинист болуы мүмкін, бірақ, толыққанды әдеби сыншылар бола алмайды.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Дарвинистік әдеби сынның формалары үшін ортақ мәселе не?
2. Әдеби талдаудың құрамына кіретін бес аналитикалық ұғымдарды атаңыз.
3. Әдеби сынды неліктен бір әдеби ағым аясында қарастыруға болмайтынын түсіндіріңіз.